



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Подведя итог по вышесказанному, надо отметить, что по запланированным мероприятиям совершенствования институциональной основы развития ЖКХ ведутся работы, и результаты которых уже видны. Но, к сожалению, достигнутые результаты являются мизерными в сравнении с проблемами накопившимся в сфере ЖКХ за долгие годы, и для решения которых требуются время, деньги и желания всех субъектов рынка ЖКХ. К сожалению, сознания жителей пока недостаточно созрели как для самого главного заинтересованного лица в развитии ЖКХ. Как известно, если заинтересованное лицо не будет знать свои права и обязательства, а также, равнодушно относиться к происходящему, то положительных эффектов от проводимых мероприятий не будет.

Таким образом, в целях достижения положительного результата реализации государственных программ развития ЖКХ, кроме проводимых мер, необходимо активно проводить разъяснительные работы, не только среди хозяйствующих субъектов рынка ЖКХ, но и среди населения. Для этого можно транслировать специальную передачу на телеканале, где будут обсуждаться вопросы ЖКХ, и которую смог бы увидеть каждый житель страны и в городе, и в поселках, так как у не каждого есть возможность доступа к интернету, и к периодическим изданиям.

Список использованных источников:

1. Официальный сайт Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан. <http://kds.mid.gov.kz/ru>
2. Официальный сайт АО "Фонд Развития ЖКХ". <http://www.zhkh.com.kz/ao-fond-razvitiya-zhkkh/>
3. Матаев Т. М. Применение механизмов государственно-частного партнерства в образовании и коммунальной сфере Казахстана //Экономические науки. – 2012. – №. 3. – С. 9-12.
4. Kurmanov N. et al. Innovative activity of small and medium-sized enterprises in Kazakhstan and factors of its development //Економічний часопис-XXI. – 2016. – №. 158. – С. 57-61.

ОӘЖ 364.3 (574)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КЛАСТЕР ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Қанатова Данагүл Қайратқызы

danakanatova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

Экономика факультеті, менеджмент кафедрасы, 1 курс, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші –Амренова Ғ.Қ.

Қазақстандағы ғылыми қызметтің ең басты бағыттарының бірі инновациялардың дамуы болып табылады. Қазіргі таңда елде жоғары технологиялық және бәсекеге қабілетті өндіріс құрылуына бағытталған инновациялық іріктеу жүргізіліп жатыр. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Инновациялық гранттар бөлу арқылы келешектегі ғылыми зерттеулерді қаржыландыруға бюджеттік шығындарды арттыру маңызды. «Ғылым туралы» жаңа Заң ғылымды жүйелік мемлекеттік қолдау үшін негіз орнатады», - деді. Қазіргі уақытта, Инновациялық жобалар каталогы құрылып, оның құрамында ғылыми ұйымдар мен экономиканың әр түрлі салаларындағы еліміздің ЖОО-ның 200-ден астам зерттеу жұмыстарының инновациялық каталогы құрастырылды. Білім және ғылым министрлігінің ақпараты бойынша, 34 инновациялық жоба «Қазақстандық 100 инновациялар» ұлттық жобасына енгізу үшін ұсынылды [1]. Сонымен қатар, инновациялық дамудың негізгі құрастырушысы ғылым мен

білімді дамыту болып табылады. Бұл жерде зерттеу университеттері, сондай-ақ инновациялық бағытта әрекет етуші және қаржыландырылатын 10 университет жұмыс істейді. «Инновациялар қоғамдағы бұқаралық талқылау құралы болуы керек, бұл тек қана заң қабылдау, даму институттарының даму жұмысы немесе бір министрлік, әлде инновациялық қордың қызметі емес. Инновациялар – бүкіл елдің жұмысы, аудан әкімінен, университет ректорынан бастап, депутаттарға дейін қамтылуы керек», - дейді ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрі. ҚР Президентінің халқына жолдауында индустриалды жобалар, инновациялық кластер дамуы мен құрылуы үкімет әрекеттері бағдарламасының басты бағыттарының бірі ретінде анықталды [2].

Инновациялық процеске қатысушылардың анағұрлым тиімді ынтымақтастығының нысаны инновациялық кластерлер болуы тиіс, зерттеу университеттерінде, институттарда және зертханаларда пайда болатын идеяларды іске асыру кезінде инженерлердің, құрастырушылардың, менеджерлердің және бірқатар басқа кәсіп өкілдерінің білікті кадрлары бар көптеген басқа құрылымдардың қатысуын қажет етеді.

Қазіргі уақытта инновациялық кластер анықтамасы бойынша көзқарастар көп. Оны кластерлердің жеке түрінің сипатталуы, әлде ұйымның кластерлік ұйымдастырылуының өзі инновациялық болып табылуы, немесе, сәйкесінше, барлық кластерлерді инновациялық болады деп айқындауда нақты ортақ пікір кездеспейді. Зерттеушілер тарапынан, инновациялық кластерлер деп – әр түрлі фирмаішілік иерархия артықшылықтарын және нарықтық механизмді пайдалануға мүмкіндігі бар бірқатар ұйымдардың (өнеркәсіп компаниялары, ЖОО, технопарктер және бизнес-инкубаторлар, ғылыми-зерттеу орталықтары мен зертханалар, банктік және банктік емес несиелік ұйымдар, венчурлық қорлар, инвестициялық-инновациялық компаниялар, қоғамдық ұйымдар, мемлекеттік басқару органдары және т.б.) бірігуі сипатталады. Кластер ұйымдарға жаңа ілімдер, жаңа ашылулар мен жабдықтарды тез, әрі тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Шетелде осы анықтамаға дәл келетін кластерлер бар. Мысалы, Бостон/Кембридж биотехникалық кластері – инновациялық әлемдегі ірі генератор. Оның құрылымына ірі университеттер (ішінде Гарвард университеті, Массачусет технологиялық институты), алдыңғы медициналық орталықтар, фармацевтика және биотехнология облысында маманданған жүзден астам биотехнологиялық компаниялар кіреді. Инновациялық кластер категориясына сондай-ақ Медикон алқабын (11 университет, 33 емхана, 9 ғылыми парк, 46000 «тірі табиғат ғылымы» саласындағы 350-ден астам компания) жатқызуға болады. Сонымен қатар, Жонггуанкан технопаркі – «Қытайдың кремний алқабы» да инновациялық кластерге жатады. Оның құрамына 17 технопарктер, 39 университет, 400000-нан астам студенттер, 140 зерттеу орталығы, 20000 жоғары техникалық компания және жарты миллионнан астам жұмыскер кіреді.

Шетел тәжірибесін талдай келе, инновациялық кластерлерді кластерлердің ерекше категориясы деп тануға болады. Олар бизнесті ғылыми-зерттеу ұйымдарының құруымен сипатталады.

Инновациялық кластер – жас инновациялық компания-стартаптардың, шағын, орта және ірі кәсіпорындардың, сонымен қатар белгілі бір секторда немесе географиялық өңірде әрекет етуші және барлық қатысушылар арасындағы интенсивті әрекеттестікті кеңейту және тереңдету жолымен инновациялық әрекетті ынталандыруға бағытталған зерттеуші ұйымдардың бейресми бірігуі[3].

Қазақстан Республикасының «Индустриалды-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңындағы «Негізгі түсініктер» 1-бабында, инновациялық кластер – өзара іс-қимыл жасау және қолда бар мүмкіндіктерді бірлесіп пайдалану, білім және тәжірибе алмасу, технологияларды тиімді беру, орнықты әріптестік, байланыстарды жолға қою және ынталандыруға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің, индустриалды-инновациялық инфрақұрылым элементтерінің бірлестігі.

Инновациялық кластерлердің дәстүрлі өнеркәсіптен бір айырмашылығы – экспортқа айрықша бағытталған өнім мен технологиялар шеңберінде құрылуы. Демек, кластерішілік

бәсекелестік артықшылықтар халықаралық масштабта елеулі болып табылады. Сондай-ақ, холдингтер мен басқа да ұқсас құрылымдарға тән қатаң басқарудан кету және инноваторлар белсенділігін арттыруға қабілетті икемді желілік құрылымға өту, күмәнсіз, артықшылықтар болып келеді.

Кластерлік стратегиялардың құрылымында мемлекеттің рөлі ерекше. Бастапқы кластерлер нарықтың «көрінбейтін қолы» арқылы құрылса, соңғы кезде көптеген елдердің үкіметі өзінің бастамасы бойынша, мемлекеттік-жеке серіктестік шеңберінде жасалына, процеске жәрдем көрсете бастады.

Қазіргі уақытта біздің елде 23 негізгі кластер анықталды, соның ішінде жетеуі «пилотажды жоба»: металлургия, транспорттық логика, тоқыма өнеркәсібі, туризм және мұнай-газ, машина жасау. Алайда, талдау мемлекеттік инновациялық саясат пен кластерлік даму барысында бірқатар проблемаларды байқатып тұр:

Біріншісі – өңірлік биліктің инновациялық қызмет шарттарын жақсарту бойынша күшейту жұмыстарының жеткіліксіздігі.

Екіншісі – мемлекеттік қолдау құралдарының тиімділігінің жеткіліксіздігі.

Үшіншісі – Республиканың алдыңғы өнеркәсіптік кәсіпорындарының инновациялық белсенділігінің енжарлығы, қызметтің бұл түрін кеңейту үшін жеке қаражаттың жетіспеуі. Инновациялық саланың төмен аппараттық ашықтығы, жаңа технологиялар мен инновациялық өнім өтуінің мүмкін нарықтары туралы жеке инвесторлар мен несиелік ұйымдарға ақпараттың жетіспеуі.

Төртіншісі проблема – кезеңдері, мерзімдері, өңірлері, субъектілері мен олардың жауапкершіліктері, ұлттық және мемлекеттік компаниялар, арнайы экономикалық зоналары, индустриалдық және өнеркәсіптік зоналар, технопарктер мен өнеркәсіптік парктер және т.б. көрсетілген инновациялық кластерлердің дамуының тұжырымдамалары мен кешенді мемлекеттік бағдарламалардың жоқтығы. Инновациялық кластерлерді дамытудың өңірлік кешенді бағдарламалары да дайындау қажеттілігі туындап отыр.

Бесіншісі – әлемдегі алдыңғы технологиялар талдауының және оларды Қазақстанда іс жүзінде пайдалануының жоқтығы.

Алтыншысы – инновациялық кешеннің инфрақұрылымдық элементтерінің жеткіліксіз дамуы.

Қалыптасқан ахуал инновациялар мен кластерлік даму саласындағы жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясаттың түзетілуін талап етуде [2].

Өңірдің бәсекеге қабілеттілігі негізі ретінде өңірлік инновациялық жүйе, өңірдің біріктіруші ғылыми-техникалық, технологиялық, инвестициялық және адами әлеуеті сипаттала алады.

Қазақстанда инновациялық кластер инфрақұрылымын дамыту бойынша заңнамалық база құрылды. ҚР «Индустриалдық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңы қабылданды. Астанада халықаралық «Назарбаев Университеті» зерттеу нысаны жұмысын бастады, болашақта оқу орнының айналасына инновациялық-зияткерлік кластер шоғырануы керек. Астанада жоғары технологиялық кәсіпорын құра отырып, болашақта бұл тәжірибе Қазақстанның ғылыми-білім беру орталықтарының біріне таралады. Сонымен қатар, елімізде 9 технопарк, 5 ұлттық және 15 аймақтық зертханалар, 9 венчурлық қор және ғалымдар мен өнертапқыштар үшін қолжетімді 9 құрастырымдылық бюро құрылған[4]. Еліміз бойынша ірі инновациялық кластерлер болып «Назарбаев Университет» (Астана), «Инновациялық технологиялар паркі» (Алматы) саналады. Парк жұмысы ынталы, әрі ерекше қарастырылды. Кейбір жетіспеушіліктер мен проблемалар айқындалды. Кластер дамуының жаңа концепциялары қабылданып, жоба жаңа динамикаға ене бастады.

Өңірлерде жаңа инновациялық кластерлер құру қажет, олардың құрамына ассоциациялар, жеке компаниялар, сауда-өнеркәсіптік палаталар, қаржы құрылымдары, ғылыми және технологиялық парктер, университеттер және т.б. құрылымдық желі құрылуы тиіс. Мұндай кластерлердің негізгі мәселесі инновация саласында жұмыс істеуші бизнес – субъектілерді қолдау болып табылады. Сонымен қатар, жаңа инновациялық фирмаларды

өсіру мақсатына негіздеу қажет, осылайша олар өңірлік даму процесінің бөлігі ретінде қарастырылады. Осыған байланысты, жергілікті атқарушы органдардың индустриалдық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау және өңірлік деңгейде инновациялық кластерлердің құрылуы мен жұмыс істеуін заңды түрде бекіту өкілдігін мақсатты айқындау керек. Өңірлік инновациялық жүйенің дамуына Астана қаласын мысалға келтіруге болады. Астана қаласы әкімшілігі Астана қаласына инновациялар енгізу үшін айтарлықтай сәтті жағдайлар жасау мақсатында «Астана Innovations» АҚ - мамандандырылған құрылымын құрды.

Астана қаласы қазіргі таңда ерекше қарқынмен дамып келе жатқан зор перспективалық қала болып саналады. Астана агломерациясына жоғарғы технологиялар мен «Назарбаев Университет» базасындағы инновациялар, медициналық кластер мен құрылып келе жатқан индустриалды жаңа орталық ретінде айқындау ұсынылып отыр. Мемлекет басшысы Қазақстан халқына жолдауында: «Астана қаласындағы жаңа университет маңайында жаңа технологиялардың құрылуы мен трансфертіне әсер ететін инновациялық кластер құрылуы керек», - деді.

Назарбаев университет жанында ғылыми-техникалық парктің құрылуы қарастырылып келеді. Инновациялық кластердің тиімді жұмысы мен дамуы үшін еліміз Оңтүстік Корея республикасымен технологиялық қалада өзара әрекеттестік етпекші. Назарбаев университет жанындағы ғылыми-техникалық парк қазақстандық-корейлік технологиялық ынтымақтастық орталығы көмегімен жүзеге асатын болады. Бұл туралы Корея республикасы президенті Ли Мен Бак ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен кездесуінен кейін атап өтті[5].

«Қазақстан жағдайында бәлкім, алдымен қолда бар қажеттіліктер мен перспективалы нақтылы жобаларға арқа сүйей отырып, институттардың инновациялық кластер сияқты біркелкі жүйесін құру қажет болар. Дәл осындай көзқарас сапалы адами капиталдың қайнар көзіне, экономика мен білім қоғамын құрудың негізіне айналмақ» - деді ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев[6].

Байқап отырғанымыздай, Астана қаласы Қазақстандағы инновациялық кластер құрылымының қалыптасуында елеулі рөл атқарып келеді. Қазіргі кезде инновациялық кластерлер Астана қаласының негізінде, еліміздің басқа да өңірлерінде бастамасын нығайтып келуде. Елбасының Қазақстан халқына жолдауына сәйкес, «өсу нүктелерінде» - Ақтөбе, Алматы, Қарағанды, Шымкент қалаларында, инновациялық кластерлердің инфрақұрылымын дамыту үшін жеткілікті қаражаттың бөлінуін тездету қажет. Сонымен қатар, құрылған құқықтық негіздерге сүйене, еліміздің өңірлері бойынша арнайы экономикалық зоналар базасында инновациялық кластерлерді ұйымдастыру тиімді болады

Инновациялық кластерлердің әрқайсысына өнеркәсіптік және ғылыми-зерттеуші серіктестер мен қажетті технологияларға, инвестицияларға және ноу-хауларға сәйкес келетін басымдықтар айқындалатын болады[7].

Инновациялық кластер ұйымдарға жаңа ілімдер, жаңа ашылулар мен жабдықтарды жылдам, әрі тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл ХХІ ғасырдағы кластерлік жүйенің дамыған, әрі пайдалы түрі болып табылады. Жаңа заманға бейімделіп келе жатқан жас Қазақстан үшін бұл өте тиімді, әрі аса пайдалы қозғалыс болып тұрғаны анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстандағы инновация: ғылым мен өндірісті ықпалдастыру//<http://www.fingramota.kz/kz/events/show-43668>
2. Еспаев С. Кластерный фактор конкурентоспособности // «Казахстанская правда», 27.04.2012.
3. Разуваев И.Г. Особенности взаимодействия финансового и интеллектуального капитала в российской экономике: Автореф. дис. – Самара, 2007.-24с.
4. Ғаббасов Р. Қазақстанның аймақта интеллектуальдық және инновациялық кластер болуына мүмкіндігі мол//ҚазАқпарат <http://pm.kz/kz/news/1286>, 08.06.2011.

5. Байғарин М. Астана қаласындағы ғылыми-техникалық парк қазақстандық-корейлік технологиялық серіктестік орталығы арқылы құрылады//<http://meta.kz/novosti/kazakhstan/astana/733298>, 13.09.2012.
6. Қазақстан Республикасы Президентінің Назарбаев Университеті студенттері алдында сөйлеген сөзі//<http://iwep.kz/kz/index.php?newsid=653>, 05.09.2012.
7. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 4 маусымдағы № 579 Жарлығы

УДК 339.5

СОВРЕМЕННЫЕ СИСТЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ В МЕЖДУНАРОДНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ

Құдайбергенов Төлебек Қасымбекұлы

rkaugabaeva@bk.kz

магистрант, кафедра «Менеджмент и маркетинг» Казахского университета экономики, финансов и международной торговли, г.Астана
Научный руководитель - Оразбаева К.Н.

Целенаправленная деятельность любой социально-экономической или организационно-производственной системы невозможна без управления. Система, которая реализует функции управления, называется информационной системой управления предприятием. Самыми важными функциями, которые реализуются в такой системе, есть прогнозирование, планирование, учет, контроль, анализ, регулирование, стимулирование, принятие решений.

Управление связано с обменом информацией между компонентами системы, а также системы с окружающей средой. В процессе управления получают ведомости о состоянии системы в каждый момент времени, о достижении (или наоборот не достижении) заданной цели с тем, чтобы повлиять на систему и обеспечить выполнение принятых управленческих решений.

Итак, любой системе управления экономическим объектом присущая своя информационная система, которая называется информационной экономической системой.

Экономическая информационная система (ЕИС) - это совокупность внутренних и внешних потоков информации, которые циркулируют как в прямом, так и в обратном направлениях, а также методов, средств и специалистов, которые принимают участие в процессах переработки информации и принятия управленческих решений [1].

Информационная система является системой информационного обслуживания пользователей и выполняет технологические функции из накопления, сохранения и переработки информации. Ее содержание, порядок формирования и процесс функционирования определяются методами и структурой управленческой деятельности, принятыми на определенном экономическом объекте.

Современный уровень информатизации общества определяет необходимость использования в разных экономических информационных системах новых технических, технологических, программных средств.

Автоматизированная информационная система (АИС) - это система управления, сориентированная на широкое и комплексное использование технических средств и экономико-математических методов для решения информационных задач управления трудовыми ресурсами в разных звеньях народного хозяйства.

Внедрение АИС содействует повышению эффективности производственно-хозяйственной деятельности экономических объектов и обеспечивает качество управления. Так, опыт создания АИС, внедрение в практике экономической деятельности оптимизационных методов, формализация ситуаций финансово-хозяйственных процессов,